

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, У.С.ЖУМАКАНОВА**

«Әлеуметтану» пәні бойынша СОӨЖ сабақтарына арналған

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер» кафедрасы

**Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, У.С.ЖУМАКАНОВА**

«Әлеуметтану» пәні бойынша СОӨЖ сабақтарына арналған

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

(көлемі 2 кредит)

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

## **ӘОЖ**

**Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, У.С.ЖУМАҚАНОВА.** «Әлеуметтану» пәні бойынша СООЖ сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар. – Қарағанды, КарМТУ баспасы, 2016.

«Әлеуметтану» пәні бойынша СООЖ сабақтарына дайындалған әдістемелік нұсқаулар типтік бағдарлама мен оқу жоспарының талаптарына сәйкес және кредитті білім беру технологиясы арнасында жасалған.

Әдістемелік нұсқаулар Қарағанды мемлекеттік техникалық университеттің барлық мамандықтарының студенттері мен оқытушыларына арналған.

Пікір жазған:

**Университеттің Редакциялық – баспа кеңесі ұсынған**

©Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, 2016

## Кіріспе

Әлеуметтану қоғамды, оның ішкі табиғатын және халықтың іс-әрекетін тұтастай зерттейтін бірден-бір маңызды ғылым. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ішінде әлеуметтанудың алатын орны ерекше. Ол қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестердің заңдылықтар мен тенденцияларын анықтауға, қоғамның болашағын болжауға көмектесетін теориялық және эмпирикалық ғылыми зерттеулер негізі. «Социология» термині этимологиялық тұрғыдан алғанда латынның *societas* (қоғам) және гректің *logos* (ілім) деген екі сөзден құралған, ал оны ғылыми қолданысқа енгізген, осы дербес ғылымның негізін салушылардың бірі саналатын француз ойшылы Огюст Конт.

Әлеуметтану қоғамды, оның өмір сүруі мен дамуын әлеуметтік құбылыстар, процестер мен қатынастар тұрғысынан қарастырады. Социологияның пәні әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік өзара әрекеттесулер, әлеуметтік қатынастар және оларды ұйымдастыру амалдары Оның зерттеу объектісі – социум деп аталатын әлеуметтік шындық. Демек, оның зерттеу нысаны (объектісі) – қоғам және оның өмір сүру, даму заңдылықтары. Социологияның зерттеу объектісінің ерекшелігі объективті өмірдің нақтылы реалдығымен байланысында.

Қазақстанда жүріп жатқан трансформациялық процестер әкелген жаңа нарықтық қатынастар бұқараның сана-сезімінде үлкен өзгерістер туғызып, бұрынғы мемлекет пен қоғам туралы түсініктер түбегейлі жаңарды. Қазақстан әлеуметтанушылары алдында әлеуметтану ғылымын дамыту, зерттеулер жүргізу, қоғамымыздың болашағын болжау бағыттарында үлкен міндеттер тұр. Ал әлеуметтік философияның нақты әлеуметтік көрінісі болып табылатын әлеуметтану курсының басты міндеттері:

- макро және микросоциологиялық тәсілдер негізінде әлемдегі әлеуметтік өзгерістер динамикасы туралы түсініктерді жасау;
- қазіргі ұйымдарда тиімді жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;
- әлеуметтік процестерді зерттеу мақсатында негізгі әлеуметтанулық ұғымдармен, концептуалармен және теориялармен таныстыру;
- әдістерді және әлеуметтанулық зерттеулерді ұйымдастыруды меңгеру;
- студенттерді социологиялық ойлауға, алынған білімдерді қоғамның өзекті мәселелерін білуге және зерттеуге қолдана білу.

Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы барысында оқу материалдарын кеңейтіп тереңдету, келелі ғылыми мәселелерге нақтылы талдау жүргізіліп ғылыми зерделеу дағдыларын жетілдіру мақсаты алға қойылады.

Сондықтан, «Әлеуметтану» пәні бойынша СОӨЖ сабақтарына дайындалған әдістемелік нұсқаудың міндеті келесі мәселелермен байланысты: осы пән бойынша СОӨЖ мазмұнын, курсты терең меңгерудің әдістерін көрсету, студенттерге әдістемелік материалдар мен оқулық әдебиеттер туралы толық ақпарат беру.

СОӨЖ көлеміндегі тапсырмаларды орындау студенттер ғылыми зерттеудің негізгі әдістерін білуі, ғылыми жұмысты жоспарлауды меңгеруі тиіс; ғылыми – анықтамалық аппаратты дұрыс өңдеу. Ол үшін студент курс бағдарламасына сәйкес келетін барлық тақырыптарды оқуға міндетті.

Типтік бағдарлама мен оқу жоспарына сәйкес «Әлеуметтану» пәнінің барлық мазмұны СОӨЖ жұмыстарында қарастырылып оның келелі мәселелері жан-жақты талқыланады. Студенттердің алған білімдерін бекіту мен жетілдіру міндетін атқаруда СОӨЖ түрлі әдістемелік мүмкіндіктер береді: кестелерді толтыру мен дайындау, глоссаримен жұмыс істеу, тест жұмыстарын орындау, ғылыми терминтердің мағынасын анықтау, баяндамаларды талқылау, рефераттарды қорғау, тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, презентация дайындау, ғылыми шолу жасау, шағын ғылыми жобаны орындау, ғылыми мақала бойынша кеңес алу, студенттік ғылыми конференцияға дайындық жүргізу т.б. Сондықтан, бұл курсты меңгеру студенттерден біліктіліктің келесі түрлерін талап етеді.

**Білу:**

- әлеуметтанулық ғылым мен білімнің теориялық және қолданбалы негіздерін және қалыптасу заңдылықтарын;
- негізгі әлеуметтанулық ұғымдарды;
- классикалық және қазіргі әлеуметтанулық теорияларды;
- әлеуметтану саласындағы негізгі бағыттар мен қазіргі зерттеулердің нәтижелерін.

**Мүмкіндігі:**

- қоғамда болып жатқан процестер мен құбылыстарды өз бетінше талдай білу;
- ауызша және жазбаша түрде өзінің ойын дұрыс негіздей отырып қалыптастыра білу; білімін нақты ситуацияда қолдана білу;
- кәсіби міндеттерді шешуге альтернативті, жаңа және инновациялық әлеуметтанулық тәсілдерді қолдана білу.

**Меңгеру:**

- қазіргі қоғамның мәселелерін жобалауда және болжауда, талдауда тұтастық тұрғыдан келу дағдыларын;
- әлеуметтанулық ақпараттардың қол жетімді негіздерін, ақпараттарды талдауды және толықтыруды;
- төзімділікке және құрметтеуге негізделген тұлғааралық және мәдениаралық байланыстар дағдыларын;
- әлеуметтік зерттеулер жүргізу әдістемесін;
- ақпараттарды сынамалы тұрғыдан қабылдау қабілетін ("сынамалы ойлау");
- көпшілік алдында сөз сөйлеу, өз ойын негіздеу, пікірталас және ғылым сайыс жүргізу дағдысын.

**Пәннің тақырыптық жоспары**  
**Сабақтардың түрлері бойынша пәннің мазмұны және олардың еңбек сыйымдылығы**

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Пәннің еңбек сыйымдылығы, с.			
	дәріс	семинар	СОӨЖ	СӨЖ
1. Әлеуметтану ғылым ретінде	1	2	2	2
2. Отбасы және гендер әлеуметтануы. Жастар әлеуметтануы. Мәдениет және қоғам.	1	1	4	4
3. Еңбек және экономикалық өмір әлеуметтануы. Білім және бұқаралық ақпарат құралдары.	2	1	2	2
4. Әлеуметтанудың қалыптасу және даму негізгі кезеңдері. Қазіргі әлеуметтанулық теориялар.	2	2	4	4
5. Қоғам және әлеуметтік өзара әрекеттер.	2	2	4	4
6. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік стратификация.	2	2	4	4
7. Тұлғаның әлеуметтенуі.	2	2	2	2
8. Девиантты мінез құлық әлеуметтануы.	2	2	2	2
9. Әлеуметтанулық зерттеулердің әдістемесі.	0,5	0,5	4	4
10. Әлеуметтанулық ақпараттарды жинау әдістері.	0,5	0,5	2	2
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>15</b>	<b>15</b>	<b>30</b>	<b>30</b>

**СОӨЖ сабақтары бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

**Негізгі әдебиеттер тізімі**

1. Абдираймова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым. Алматы: Қазақ университеті, 2012.
2. Әженов М.С., Садырова М.С., Омарова А.Л. Білім социологиясы. Оқулық. Алматы: «Эверо», 2011.
3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
4. Биекенов Қ.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен балалар. Алматы: «Эверо», 2011.
5. Сарсенова Ж.Н. Әлеуметтану. Оқулық. Алматы, 2011.
6. Әбдікөрова Әлеуметтану. Оқу құралы. Алматы, 2011.
7. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011.
8. Болатова А.Н., Исмагамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
9. Прикладная социология: методология и методы интерактивное учебное пособие – М.: Инст-т социологии РАН. 2011.
10. Сәрсенбеков Н.Ж., Жуматова Г.М. Әлеуметтану негіздері (кесте түрінде). Қарағанды, ҚарМТУ, 2011.
11. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2010.
12. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2010.

- 13.Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. Оқу құралы. Алматы,  
Қазақ университеті, 2010.
- 14.Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2010.

### Қосымша әдебиеттер тізімі

- 1.Нұғман Б.Ғ. Культурфилософский анализ кочевой цивилизации (введение в историю Казахстана). Қарағанды, ҚарМТУ, 2012.
- 2.Нұғман Б.Ғ. «Әлеуметтану» пәні бойынша «СОДЖ» және «СДЖ» сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар. Қарағанды: ҚарМТУ, 2008.
- 3.Әлеуметтану. 2-кітап / Жалпы ред. М.М.Тажин. – Алматы, 2005.
- 4.Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.
- 5.Ғабдуллина Қ. Құқық социологиясы. Алматы, 2004.
- 7.Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004.
- 8.Матвеевкова Л.Г. Аманжолова М.К. Основы социологии: Учеб. пособие. Караганда: КарГТУ, 2004.
- 9.Социология: Учеб. пособие/ Под ред. А.Н. Елсукова СПб.; Нижний Новгород: С.Питер, 2004.
- 10.Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. Алматы: Қазақ университеті, 2004.
- 11.Радугин А.А., Радугин К.А. Социология: Курс лекций. М.: Центр, 2003.
- 13.Ғабдуллина К. Г. Общества прогресс и регресс. Алматы, 2003.
- 14.Ковалев В.Н. Социология управления социальной сферой: учеб. пособие для вузов. М.: Академический Проект, 2003.
- 15.Садвокасова А. Институционализация социологии в Казахстане. – Алматы, 2003.
- 16.Артемьев Г.П. Политическая социология: Учеб. пособие. М.: Логос, 2002.
- 17.Дарменова Б.К. Социология управления. Алматы, 2002.
- 18.Девятко И.Ф. Методы социологического исследования: Учеб.пособие. М.Универ-т, 2002.
- 19.Дарменова Б.К. Социология управления. Алматы, 2002.
- 20.Касымова Л.Н. Практикум по экономической социологии. Алматы, 2002.
- 21.Экономическая социология. Курс лекций (рук.авт.коллектива Л.Я.Гуревич). Алматы, 2002.
- 22.Беркимбекова А.М. Әлеуметтану курсына арналған әдістемелік нұсқаулар. Қарағанды, 2002.
- 23.Социология.- Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.
- 24.Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.
- 25.Радаев В.В. Экономическая социология: курс лекций. М.: Аспект-пресс, 2000.
- 26.Большой толковый социологический словарь. Дэвид Джерри, Джулия Джерри.Т.1,2, 1999. Москва, 1992.
- 27.Сорокин П. Человек. Цивилизация. Общество. Москва, 1992.

### **СОӨЖ көлеміндегі әдістемелік нұсқау:**

СОӨЖ көлеміндегі тапсырмаларды орындау студенттер ғылыми зерттеудің негізгі әдістерін білуі, ғылыми жұмысты жоспарлауды менгеруі тиіс; ғылыми – анықтамалық аппаратты дұрыс өңдеу. Ол үшін студент курс бағдарламасына сәйкес келетін барлық тақырыптарды оқуға міндетті.

## **СОӨЖ –ның әдістемелік материалдары**

### **№ 1- тапсырма тақырыбы: Әлеуметтану ғылым ретінде**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Әлеуметтанудың ғылыми білімнің дамыған жүйесі ретіндегі өзіндік құрылымын, теориялық базасы мен парадигмаларын ашып қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Әлеуметтанудың пәнін, зерттеу объектісін, міндеттері мен қызметтерін айқындау.
  - Б) Әлеуметтанудың құрылымын, теориялық және эмпирикалық деңгейлерін ауызша айтып дәлелдеу.
  - С) Әлеуметтанудың әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны мен байланысын туралы ауызша сұхбаттасу.
  - Д) Әлеуметтанудың қазіргі замандық парадигмаларын жазбаша сипаттау.
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Әлеуметтанудың ерекшелігі, пәні мен зерттеу объектісі.
  - Б) Әлеуметтанудың дербес ғылым ретіндегі теориялық және эмпирикалық деңгейлері.
  - С) Әлеуметтанудың өзге әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен байланысы.
  - Д) Әлеуметтанудың негізгі парадигмалары.

### **№ 2- тапсырма тақырыбы: Отбасы және гендер әлеуметтануы. Жастар әлеуметтануы. Мәдениет және қоғам.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын ғылыми талдау түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Отбасы мен гендердің және жастар мен мәдениеттің қоғам өміріндегі әлеуметтік мәселелерін ашып қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Отбасы мен некенің мәні, құрылымы және оның қызметін сұрақ-жауап түрінде айқындау.
  - Б) Гендер социологиясының пәні мен объектісін ауызша қарастыру.
  - С) Жастар мен мәдениеттің қоғамдағы ролі мен орнын, әлеуметтік міндеттері мен қызметтерін ауызша талдау



**4. Тапсырманың мазмұны:**

- А) Отбасы мен некенің мәні, құрылымы және оның қызметі.
- Б) Гендер пәні мен объектісі және гендерлік теңсіздік мәселелері.
- С) Қазіргі жастар мен мәдениеттің әлеуметтанулық мәселелері.

**№ 3- тапсырма тақырыбы: Еңбек және экономикалық өмір әлеуметтануы. Білім және бұқаралық ақпарат құралдары.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын ауызша және жазбаша жауап түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Еңбек пен экономикалық өмірдің әлеуметтанулық мәселелері мен білімнің және бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы ролі мен маңызын анықтап қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Әдебиеттер мен жұмыс істеу.
  - Б) Берілген сұрақтарға жазбаша жауап беру.
  - С) Әлеуметтік инфроқұрылымды ауызша сипаттау.
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Еңбек, оның қызметтері мен мазмұны.
  - Б) Қоғамдағы экономиканың қызметі мен әлеуметтік маңызы.
  - С) Білім берудің және бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы әлеуметтік ролі.

**№ 4- тапсырма тақырыбы: Әлеуметтанудың қалыптасу және даму негізгі кезеңдері. Қазіргі әлеуметтанулық теориялар.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Әлеуметтанулық білімдердің тарихи пайда болуы мен XX-ы ғасырдағы әлеуметтанудың негізгі бағыттарын қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Берілген сұрақтар бойынша эссе жазу.
  - Б) Берілген сұрақтар бойынша талдау жасау.
  - С) Рефераттық тақырыптарды талқылау
  - Д) XX-ы ғасырлық әлеуметтанудың негізгі бағыттарыбойынша презентация дайындау
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Әлеуметтік білімнің жинақталуы және және оның тарихи кезеңдері.
  - Б) Әлеуметтанудың классикалық кезеңіндегі теориялар мен тұжырымдар.
  - С) XX-ы ғасырдағы әлеуметтанудың негізгі бағыттары.

**№ 5- тапсырма тақырыбы: Қоғам және әлеуметтік өзара әрекеттер.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын ауызша және жазба түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Қоғам ұғымын, оның түрлері мен даму теорияларын және өзара әрекеттесудің мәнін ашып қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Қоғам типологиясына жазбаша жауап жазу.
  - Б) Ұсынылған әдебиеттерден қоғамның даму теорияларын талдау.
  - С) Әлеуметтік өзара әрекеттесудің маңызы мен ролі туралы ауызша сұхбаттасу.
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Қоғам түсінігінің мәні мен құрылымы
  - Б) Қоғамның түрлері мен даму теориялары.
  - С) Әлеуметтік әрекеттер мен өзара әрекеттер.

**№ 6- тапсырма тақырыбы: Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік стратификация.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Әлеуметтік теңсіздік мәселелері мен әлеуметтік стратификация туралы теорияларды қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Әлеуметтік теңсіздік және страталардың тарихи түрлеріне жазбаша жауап беру.
  - Б) Әлеуметтік стратификация туралы теорияларға ғылыми талдау жасау.
  - С) Глоссариймен жұмыс істеу.
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Әлеуметтік теңсіздік және стратаға бөліну.
  - Б) К.Маркстің, М.Вебердің таптар туралы ілімдері.
  - С) П.Сорокиннің әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобилділік теориясы.
  - Д) Глоссариймен жұмыс істеу.

**№ 7- тапсырма тақырыбы: Тұлғаның әлеуметтенуі.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Тұлға ұғымы, әлеуметтену теориялары мен оның әлеуметтену үдерістерін қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап түрінде өткізу.
  - Б) Тұлғаның әлеуметтену теориялары мен әлеуметтену процесіне талдау жасау.
  - С) Тұлғаның әлеуметтік типологиясына жазбаша жауап беру.

Д) «Тұлғаның әлеуметтік типологиясы» бойынша презентация дайындау.

**1. Тапсырманың мазмұны:**

- А) Тұлғаның әлеуметтену теориялары.
- Б) Әлеуметтік роль және статус.
- С) Тұлғаның әлеуметтік типологиясы.
- Д) Глоссариймен жұмыс істеу.

**№ 8- тапсырма тақырыбы: Девиантты мінез- құлық әлеуметтануы.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Девиантты мінез – құлықтың әлеуметтік факторлары мен теориялық тұжырымдарды қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Берілген сұрақтарды талдау.
  - Б) Девиантты мінез- құлық факторларына жазбаша жауап беру.
  - С) Девиантты мінез- құлық теорияларын талдау.
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Тұлға, адам, индивид ұғымдары.
  - Б) Тұлғаның әлеуметтену теориялары.
  - С) Әлеуметтік роль және статус.
  - Д) Тұлғаның әлеуметтену процесі.

**№ 9- тапсырма тақырыбы: Әлеуметтанулық зерттеулердің әдістемесі.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Әлеуметтанулық зерттеулердің әдіс-тәсілдері мен негізгі түрлерін нақтылы ашып қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Ғылыми методология және әдіс-тәсілдер туралы сұхбаттасу.
  - Б) Әлеуметтанулық зерттеулердің негізгі түрлері бойынша конспект жасау.
  - С) Келесі терминтермен жұмыс істеу: «Зерттеу объектісі», «Зерттеу субъектісі», «Методология», «Әдіс-тәсілдер», «Іріктеу», «Контент-талдау», «Эксперимент».
  - Д) Берілген мәселе бойынша шағын ғылыми зерттеу жобасын орындау.
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Ғылыми методология мен әдіс-тәсілдер және зерттеулердің негізгі түрлері.
  - Б) Әлеуметтанулық зерттеулердің жоспары мен мәліметтерді іріктеу мен қорытындылау.

## **№ 10- тапсырма тақырыбы: Әлеуметтанулық ақпараттарды жинау әдістері.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.
2. **Сабақтың мақсаты:** Әлеуметтанулық ақпараттарды жинау әдістері мен олардың ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру.
3. **Сабақтың түрлері:**
  - А) Келесі терминдермен жұмыс істеу: «Ғылыми бақылау», «Тікелей бақылау», «Эксперимент», «Социометрия», «Контент-анализ», «Респондент».
  - Б) «Әлеуметтанулық ақпараттарды жинау» тақырыбы бойынша презентация дайындау.
4. **Тапсырманың мазмұны:**
  - А) Әлеуметтанудағы әдіс, әдістеме, техника және процедура ұғымдары.
  - Б) Бақылау әдісі: - ғылыми бақылау, тікелей бақылау және эксперимент.
  - С) Салыстыру және құжаттарды талдау әдістері.

## **Межелік бақылау және қорытынды аттестация кезеңінде студенттердің білімдерін бақылауға арналған материалдар**

Кредиттік технология талаптарына сәйкес студенттердің оқу үдерісіндегі жетістік нәтижелерін тексеріп анықтау үшін бақылау түрлері және аттестациялау жұмыстары жүктеледі. Мұндай межелік бақылаулар аралық және қорытынды бақылауларды міндеттейді. «Әлеуметтану» пәнін зерделеп оқу барысында бақылаудың әр түрлері қолданылады:

- 1) рефераттарды қорғау – олардың мазмұны жағынан мағыналы болуын, зерделеген материалдарды жалпылап қорыта білуін, ғылыми материалдардың ішкі логикалық байланысын байқай білуін, өз позициясын дәлелдеу машықтығы мен дағдыларын тексеру мақсатында студенттердің білімдерін бақылау;
- 2) аралас бақылау – ұсынылған тақырыптама бойынша студенттердің білім деңгейлерін анықтап бағалау үшін ауызша және жазбаша жұмыс түрін бірге қолдану;
- 3) Тестілеу – пәннің жеке тақырыптары немесе бөлімдері бойынша сұрақтарға жауап берудің жазба түрімен бақылау.

### **Рефераттар тақырыптары**

1. Социология ғылымы қандай ғылым?
2. «Әлеуметтік» деген не?
3. Әлеуметтанулық ұғымдар.
4. Социологияның әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны мен ролі.
5. Әлеуметтанулық ғылымның құрылымы.
6. Социология ғылымының қызметтері.
7. Социологиялық категориялар және олардың классификациясы.
8. Әлеуметтік заңдар және қызметтердің маңызы.
9. Әлеуметтанудың негізгі парадигмалары.
10. Социологиялық іргелі және қолданбалы теориялардың міндеті?

11. Отбасының мәні, құрылымы мен тарихи түрлері.
12. Гендерлік теңсіздік мәселелері.
13. Мәдениет пен өркениеттің айырмашылығы мен арақатынасы.
14. Қазіргі жастар және дін.
15. Мәдениет және қоғам.
16. Еңбек, оның қызметтері мен мазмұны.
17. Кісіп және жұмыссыздық мәселесі.
18. Менеджердің қызметі.
19. Әлеуметтік инфроқұрылым деген не?
20. Қоғамдағы экономиканың қызметі.
21. Білім берудің мәні, тарихи кезеңдері және қызметтері.
22. Бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы мен ролі.
23. Әлеуметтік инфроқұрылым және оның негізгі нысандары.
24. Ежелгі Қытай ойшылдарының әлеуметтік-саяси идеясы.
25. Платон, Аристотель ілімдеріндегі социологиялық мәселелер.
26. О.Конттың позитивизм теориясы.
27. Қоғам туралы Г.Спенсердің органикалық теориясы
28. Марксизм социологиясы.
29. М.Вебер социологиялық тұжырымдамасының мәні.
30. М.Вебердің дін әлеуметтануы.
31. Э.Дюркгеймнің әлеуметтік реализм теориясы.
32. Құрылымдық-функционализм тұжырымдамасының мәні. (Т.Парсонс, Р.Мертон.)
33. Р.Даррендорфтың әлеуметтік тартыс тұжырымдамасы.
34. Феноменологиялық әлеуметтану және символдық интеракционизм
35. Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік-саяси көзқарастары.
36. Қазақ либерал демократтардың әлеуметтік-саяси көзқарастары (А.Байтурсынов, А.Букейханов, М.Дулатов).
37. Қоғамның әлеуметтік жүйе ретіндегі мәні мен құрылымы.
38. Қоғамдық даму теориялары.
39. Әлеуметтік әрекеттер мен өзара әрекеттер
40. Әлеуметтік қатынастардың қалыптасуы.
41. Азаматтық қоғамның қалыптасуы және демократия.
42. Әлеуметтік институттар және әлеуметтік ұйымдар.
43. Әлеуметтік өзгерістер: мағынасы мен түрлері.
44. Вебердің бюрократия концепциясы.
45. Қоғам және мәдениет.
46. Әлеуметтік байланыстар және оның түрлері.
47. Әлеуметтік стратификацияның мәні.
48. П.Сорокиннің әлеуметтік стратификация теориясы.
49. Қазақстанның әлеуметтік құрылымы.
50. К.Маркс пен М.Вебер - қоғамның таптарға бөлінуі туралы.
51. Әлеуметтік статус. Статустардың түрлері.
52. Тап теориясы. Әлеуметтік топтардың теориялары.
53. Ч.Х. Кули мен Дж.Г.Мид: - тұлғаның рольдік тұжырымдамасы.
54. З. Фрейд тұжырымдамасындағы тұлға құрылымының үш элементі.
55. Тұлғаның әлеуметтену жолдары.
56. Тұлғаның саяси-құқықтық әлеуметтенуі.

57. Э.Эриксонның идентичность концепциясы.
58. Девиацияның биологиялық және психологиялық теориялары.
59. Функционалистік теориялар.
60. Адамның іс-әрекеті мен мінез-құлық. Әлеуметтік аномия.
61. Р.Мертонның теріс мінез-құлық типологиясы.
62. Интеракционистік теориялар.
63. Х.С.Беккердің стигмация теориясы.
64. Қазақстан қоғамындағы девиацияның өзекті мәселелері.
65. Қоғамның құндылықты-нормативтік жүйесінің маңызы.
66. Құқықтық девиацияның себептері мен ерекшеліктері.
67. Әлеуметтік құбылыстарды зерттеу тәсілі туралы теориялық түсініктер.
68. Әлеуметтанулық зерттеулердің бағдарламасын, жоспарын жасау.
69. Әлеуметтік мәліметтерді жинау әдіс-тәсілдері.
70. Ғылыми қорытынды жасау және оны тексеру.
71. Сауалнама жүргізудің ережелері мен қағидалары.
72. Ғылыми байқаудың түрлері мен ерекшелігі.
73. Құжаттарды талдау әдістері.

### **Бірінші аттестацияның бақылау сұрақтары**

1. Әлеуметтану қоғам туралы ғылым ретінде. Әлеуметтік білім жүйесіндегі әлеуметтанудың орны
2. Әлеуметтанудың объектісі мен пәні
3. Әлеуметтанулық білімнің құрылымы
4. Әлеуметтанудың функциялары
5. О. Конт әлеуметтануы
6. О. Конттың қоғам дамуының үш стадиясы жөніндегі ілім
7. Г. Спенсер әлеуметтануы
8. К. Маркстың әлеуметтанулық көзқарастары
9. Э. Дюркгейм әлеуметтануы
10. М. Вебер және Г. Зиммел әлеуметтануы
11. Қазақ ағартушылары мен философтардың әлеуметтік-саяси көзқарастары (Абай Кунанбаев, Ч.Валиханов, И.Алтынсарин)
12. Қазақ либерал демократтардың әлеуметтік-саяси көзқарастары (А.Байтұрсынов, А. Букейханов, М.Дулатов)
13. Құрылымдық функционализм (Т.Парсонс)
14. Символикалық интеракционизм (Д.Мид)
15. Әлеуметтік конфликт: ұғымы, түрлері
16. Конфликтология (Р.Дарендорф)
17. П. Сорокин, К. Маркс, Р. Дарендорф тұжырымдамаларындағы әлеуметтік конфликт табиғаты
18. Әлеуметтік конфликттің негізгі түрлері
19. Әлеуметтік конфликттің даму стадиялары
20. Қоғам: түсінігі, негізгі элементтері
21. Қоғамды зерттеудегі жүйелі әдіс
22. Әлеуметтік институттар: түсінігі, түрлері
23. Әлеуметтік институттың түрлері мен функциялары
24. Әлеуметтік процестер: түсінігі, түрлері
25. Заманауи қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік процестер
26. Қоғамның типологиясы
27. Сипаты мен технология деңгейі бойынша қоғамның классификациясы

28. Өндіріс тәсілі бойынша қоғамның классификациясы
29. Тіршілік ету құралдарының табуының әдістері бойынша қоғамның классификациясы
30. Басқару деңгейі бойынша қоғамның классификациясы
31. Қоғамның дамуы туралы тұжырымдамалары
32. Мәдени-тарихи типтер тұжырымдаларындағы қоғамның дамуы туралы
33. Жаһандандыру және оның салдарлары

#### **Екінші аттестацияның бақылау сұрақтары**

1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы: түсінігі, негізгі элементтері
2. Әлеуметтік топтардың түрлері мен сипаты
3. Әлеуметтік стратификацияның тарихи типтері
4. Әлеуметтік мәртебе: түсінігі, құрылымы
5. Қоғамның әлеуметтік стратификациясы
6. М. Вебера, Р. Дарендорф, Т. Парсонс тұжырымдамаларындағы әлеуметтік стратификация өлшемдері
7. Әлеуметтік мобилділік ұғымы және түрлері
8. Ұжымдық мобилділік: түсінігі, себептері, салдарлары
9. Адам, индивид, тұлға ұғымдарының арақатынасы
10. Тұлға ұғымы
11. Тұлғаның ажырамас белгілері
12. Тұлғаның рөлдер теориясы
13. Әлеуметтік рөлдің құрылымы
14. Ч. Кулидің «Сол күйіндегі бейнелеу» теориясы
15. Әлеуметтік рөл және әлеуметтік мінез-құлық моделінің арақатынасы
16. Әлеуметтену ұғымы. Әлеуметтену және тәрбие. Әлеуметтену және оқыту
17. Әлеуметтенудің түрлері мен агенттері
18. Тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі стадияларының сипаттары
19. Әлеуметтік девиация: түсінігі, түрлері
20. Ч. Ломброзо, Х. Шелдон, З. Фрейд тұжырымдамаларындағы девиацияның себептері
21. Заманауи Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылықтың факторлары (Стратегия «Қазақстан-2030»)
22. Эмпирикалық зерттеулер: түсінігі, құрылымы
23. Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламалық құрылымы
24. Қолданбалы әлеуметтанулық зерттеудегі мәселе түсінігі. Оның дәлелдеме процедурасы
25. Социометрия тұлғаралық қатынастың өлшеу әдісі ретінде
26. Әлеуметтанулық сұрау: түсінігі, түрлері, әдісі, қолдану саласы
27. Сауалнама жүргізу әлеуметтанулық ақпаратты жинаудың әдісі ретінде
28. Интервью әлеуметтанулық зерттеудің әдісі ретінде
29. Бақылау әлеуметтанулық ақпарат жинаудың әдісі ретінде
30. Эксперимент әлеуметтанулық зерттеудің әдісі ретінде
31. Бұқаралық коммуникацияның әлеуметтануы: түсінігі, қалыптасу уақыты, пәні, зерттеу мәселесі
32. Саяси әлеуметтану: түсінігі, қалыптасу уақыты, пәні, зерттеу мәселесі
33. Білім беру әлеуметтануы: түсінігі, қалыптасу уақыты, пәні, зерттеу мәселесі
34. Экономикалық әлеуметтану: түсінігі, қалыптасу уақыты, пәні, зерттеу мәселесі
35. Мәдениет әлеуметтануы: түсінігі, қалыптасу уақыты, пәні, зерттеу мәселесі
36. Отбасы әлеуметтануы: түсінігі, қалыптасу уақыты, пәні, зерттеу мәселесі

#### **Студенттерді тестілік сұрақтармен бақылау**

1. Әлеуметтік дегеніміз - ол .....
2. Әлеуметтік топ дегеніміз - ол ....
3. «Әлеуметтік институт» - ол ...
4. «Әлеуметтік прогресс» - ол

- 5.Әлеуметтік заң деген – ол
- 6.Отбасы деген – ол ...
- 7.Отбасы мүшелерінің арасындағы барлық қатынастар жиынтығы - \_\_\_\_\_деп аталады
- 8.Эндогендік ерлі-зайыптылық деген .....
- 9.Экзогамдық ерлі-зайыптылық деген .....
- 10.Отбасының билік құрылымы \_\_\_\_\_деп екіге бөлінеді
- 11.Отбасы идеологиясы деген .....
- 12.Экономикалық әлеуметтану қоғамдық өмірдің негізгі \_\_\_\_\_екі саласын зерттейді
- 13.Адамның өмір сүруінің негізгі шарты – ол ....
- 14.Әлеуметтану тарихының кезеңдері: ....
- 15.Қытайлық ойшылдарының қоғам туралы іліміндегі негізгі мәселе – ....
- 16.Конфуций мемлекеттің қандай концепциясын дамытты? .....
- 17.«Барлық адамдар өздерінің табиғаты жағынан бір-біріне жақын, ал айырмашалықтары тәрбие барысынан туындайды» деген .....
- 18.Даосизмнің мақсаты – .....
- 19.Бәріне жалпы ортақ сүйспендік принципін ұсынған қытай ойшылы – ол ...
- 20.Жалпы социология саласындағы алғашқы еңбек болып саналатын Платонның еңбегі? ...
- 21.Аристотельдің айтуынша мемлекеттің мақсаты –
- 22.Аврелий Августин тұжырымдамасының негізгі өзегі - .....
- 23.«Шіркеумен бірге, мемлекетте құдіреттің жаратқаны» деген идеяны дәлелдеген орта ғасырлық діни ойшыл - .....
- 24.Әлемдік өркениет тарихындағы қайта өрлеу кезеңінің идеялық өзегі ол: -
- 25.«Қоғамда жақсылықтың жүзеге асуы үшін, оны әдетке айналдырмай, бақыт қонбайды» деген Шығыстың ұлы ойшылы - .....
- 26.«Жақсылық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты» деген Шығыстың ұлы ойшылы - .....
- 27.«Құтты білік» дастанының басты идеясы қандай төрт принципке негізделіп жазылған:-
- 28.«Халықтың құқығы мемлекет заңымен және тәртібімен қорғалса ғана әділетсіздік болмайды» деген жерлес ұлы ойшыл – ол .....
- 29.Алғашқы болып биліктердің бөліну теориясын жасаған – ол .....
- 30.О.Конттың социологиялық концепциясының басты өзегі –
- 31.Т.Парсонстың барлық тұжырымдамасының кілті –
- 32.Циклдық өзгерістер теорияларының авторы - ол.....
- 33.«Прогресс» деген ұғымға халықты ағарту, отандастарының саяси-экономикалық жағдайын жаңарту деген мағыналарды сиғызған қазақ ағартушысы - .....
- 34.«Нағыз адамдар – ол ғылымды игеріп,біліммен қаруланған, дүниенің игілігін пайдалана білетін адамдар» деген қазақ ағартушысы - .....
- 35.«Адамды қор қылатын үш нәрсе бар: надандық, еріншектік, залымдық» деген қазақ ағартушысы - .....
- 36.О.Конттың қоғам туралы анықтамасын көрсетіңіз.
- 37.Э.Дюркгеймнің қоғам туралы анықтамасын көрсетіңіз.
- 38.М.Вебер бойынша қоғам деген - ....
- 39.Т.Парсонстың қоғам туралы анықтамасын көрсетіңіз.
- 40.Даму деген – ол .....
- 41.Әлеуметтік қозғалыстар даму формасына қарай \_\_\_\_\_болып екіге бөлінеді.
- 42.О.Конт пікірінше, әлеуметтік құрылымның бастапқы бөлшегі – ол .....



- 43.Э.Дюркгейм әлеуметтік теориясының өзегі – ол .....
- 44.Әлеуметтік стратификация (жіктелу) теориясының негізін салған - ....
- 45.Әлеуметтік статустың екі түрі - .....
- 46.М.Вебер бойынша адамның мінез-құлқының үш түрі - ...
- 447.Капитализм қандай түрлерге жіктеледі - .....
- 48.З.Бжежинский, Элвин Тофлер, И.Масуда «Постиндустриалдық қоғамды» қалай атаған?..
- 49.Мидтің пікірінше, адамның тұлғаға айналу процесінің үш сатысы - ....
- 50.Тұлғаның әлеуметтік қызметі деген - .....
- 51.О. Конт әлеуметтануындағы қоғамның даму факторлары – ол
52. Г. Спенсер әлеуметтануындағы қоғамның даму факторлары – ол
53. Әлеуметтену – ол
54. Тұлға – ол
- 55.Девиация – ол
- 56.Әлеуметтік құрам – ол
- 57.Қоғамның формациялық теориясын жасаған ...
- 58.Аристотельдің пікірінше бәріне ортақ мақсат – ол...
- 59.Көлденең мобилділік – ол
- 60.Тік мобилділік – ол...
- 61.Индивид деген – ол....
- 62.Статус деген – ол...
- 63.Әлеуметтік мобилділік – ол ..
- 64.Әлеуметтік стратификация – ол...
- 65.Қоғамның құрылымы деген –ол..
66. Әлеуметтік рөл дегеніміз – ол..
67. Индивидтердің қандай әлеуметтік тәртіптері болады?
68. Индивидті тұлғаға айналдыру процесін қалай атаймыз?
69. Әлеуметтік өзгерістер дегеніміз – ол
70. «Ақпараттық қоғам» атауының авторы – ол..